

Шымкент қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2017 жылғы 28 маусымдағы № 17/156-6с шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 шілдеде № 4162 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 2/16-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 03.04.2023 № 2/16 -VIII шешімімен (01.05.2023 бастап күшіне енеді).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Шымкент қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шымкент қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы
Қалалық мәслихат
хатшысы

Е. Дәрменов

Н. Бекназаров

Шымкент қалалық
мәслихатының 2017
жылғы "28" маусымдағы
№ 17/156-6с шешіміне
қосымша

Шымкент қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | |
|--|--|--|--|

| № | Атауы | Есептік бірлік | Баға, теңгемен |
|-----|---|----------------|----------------|
| 1 | Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету тарифтері | | |
| 1.1 | Жайлы үйлер | 1 адам | 171,00 |
| 1.2 | Жайлы емес үйлер | 1 адам | 200,00 |
| 1.3 | Заңды тұлғалар | 1 текше метр | 1399,46 |
| 2 | Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тарифтері | | |
| 2.1 | Жеке тұлғалар | 1 тонна | 1036,12 |
| 2.2 | Заңды тұлғалар | 1 тонна | 1725,90 |
| 3 | Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге арналған тарифтері | - | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК